


*Халықаралық Білім беру Корпорациясы
Қазақ Бас Сәулет-Құрылыс Академиясы*



Тақырыбы: Кәсіпорынның табысы мен пайдасы


*Орындаған: Бектурганова А.
Тексерген: Кунашева Д.*



КӘСПОРЫННЫҢ ТАБЫСЫ МЕН ПАЙДАСЫ

ТАБЫС ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

- Шетелдік тәжірибеде «табыстар» ұғымы келесідей түрде анықталады: «Табыстар дегеніміз – қаржының келуі немесе активтер құнының өсуі, не болмаса пассивтердің азаюы түріндегі есепті кезеңдегі экономикалық пайданың ұлғаюы болып табылады, бұл акционерлер салымдарының есебінен өсуден басқа жағдайдағы капиталдың өсуіне әкеледі»
- **Табыстар (кірістер)** - қаржылармен тығыз өзара іс-әрекет ететін күрделі экономикалық категория. *Табыс* - бұл қаражаттар шығындарымен (оларды жүзеге асыру уақытымен тәуелсіз түрде) байланысты белгілі бір қызметтің нәтижесі. Табыстар өндірістің, коммерциялық, делдалдық, өзге нысаналы қызметтің нәтижесі болып табылады және қайта жасалған өнім мен қызметтерді бөлу стадиясында пайда болады. Табыстардың аралық сипаты болуы мүмкін, яғни өзінің қалыптасуынан кейін бөліністің жаңа кезеңіне көшеді немесе ұдайы өндірістің жаңа [стадиясына](#) - айырбасқа көше отырып, (түпкілікті табыстар ретінде түпкілікті табыстар деп қорланымға және тұтынуға тікелей пайдаланылатын табыстарды айтады) қызмет атқаруға мүмкін. Табыстардың аралық сипаты бір шаруашылық жүргізуші [субъектінің](#) табыстары басқа субъектінің шығыстары есебінен қалыптасатындығында, мысалы, табыс салығын төлегенде кәсіпкерлік сектордың шығыстары мемлекеттің табыстары (кірістері) болып табылатындығында немесе элеуметтік мақсаттарға жұмсалған мемлекеттің шығыстары халықтың жекелеген топтарының табыстары болып табылатындығына көрініп білінеді.



A close-up photograph of a hand holding a black pen with a gold nib, writing on a white document. The document has some faint, illegible text. The background is blurred.

КӘСІПОРЫННЫҢ ТАБЫСЫ

- Табыс кәсіпорын қызметіндегі атқаратын ролі үлкен, ол кәсіпорынның мүлкінің ұлғаюының, қарыз құжаттар тартудың, жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуының алғы шарты болып табылады. Табыс таппай кәсіпорын кредиторлар мен инвесторлар тарапынан қосымша қаражаттар тарту мүмкіндігіне үміт арта алмайды. Сонымен қатар, табыс кәсіпорынның ішкі қаржылық мұқтаждықтарының негізгі көзі болып қоюмен шектеліп қана қоймайды, ал қоғам өмірінде, мемлекеттік бюджет ресурстарының, бюджеттен тыс қорлардың және қайырымды-лық қорларының қаражаттарының қалыптасуында да үлкен роль атқарады.

- Кәсіпорынның өндіріске салыған активтерінің табыстылық деңгейі инвестициялық шешімдер қабылдау барысында, қаржылық жоспарлау жұмыстарында, жоспарлық көрсеткіштерді нақты көрсеткіштермен салыстыру мен үйлестіру, сондай-ақ шаруашылық қызметі мен оның нәтижесін бақылау мен бағалауда маңызды роль атқарады. Үлгілі басқарылатын кәсіпорындар табыстың қалыптасуын, оның әрбір орталықтары бойынша қатаң түрде бақыланып отырады және сәйкесінше, осы нәтижелер негізінде құрылымдық басшыларға сыйақылар беріледі, бұл өз қызметіне деген ынтасын арттыруға септігін тигізеді. Өндірістік активтерге немесе инвестициялық жобаларға жаңа қаржы салымдарын салу қажеттілігін бағалаған кезде, олардан алынатын табыс есептеледі және бұл есептер қаржылық сипаттағы шешімдер қабылдауда негіз болып табылады.




КӘСІПОРЫН ТАБЫСЫНЫҢ ҰҒЫМЫ МЕН МАҢЫЗЫ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ



- Табыстың экономикалық мәні бүгінгі экономикалық ең бір күрделі және әрқилы ұғымдарының бірі болып табылады. Экономикалық көзқарас бойынша табыс дегеніміз-бұл ақша шығыстары мен кірістерінің айырмасы болып табылады. Шаруашылық тұрғыдан қарастыратын болсақ, табыс-бұл кәсіпорынның есепті кезеңнің басындағы және соңындағы мүліктік жағдайының айырмасы болып табылады. Бұл жерде табыс ұғымы кәсіпорынның өзінің қаржылық – шаруашылық қызметінен алатын алуан түрлі табыстарының шығындар көлемінен басым болатын жағдайын білдіреді.


- Кәсіпорын табыстары оларды алудың және қолданудың сипаттамасы мен шарттарына байланысты негізгі екі түрге бөлінеді;
- **1. негізгі қызметтен алынған табыс;**
- **2. өзге де табыстар.**
- **Негізі қызметтен алынған табыс** өнімді өткізумен, қызметтер көрсетумен және жұмыстар орындаумен байланысты қаражат крістерін қамтиды.
- **Өзге табыстарға өткізілімнен** тыс операциялардан, мүлікті сатудан түскен қаражаттар, сондай-ақ, төтенше жағдайларда алынған табыс жатады.





- Бухгалтерлік есеп теорияшылары табыс ұғымымен байланысты келесідей мәселелерді атап көрсетеді:


- Тауарлар жөнелтілді, өнімдер сатылды, қызметтер көрсетілді, жұмыстар орындалды, алайда олар әлі төленген жоқ, демек кәсіпорын әлі табыс алған жоқ.
- Тауарлар жөнелтілді, өнімдер сатылды, қызметтер көрсетілді, жұмыстар орындалды, алайда олар әлі төленген жоқ, алайда кәсіпорынның балансында табыс көрсетіледі. Бұл жағдайда құндылықтар толық құны бойынша дебиторлық борыш құрымында тіркеледі. Қаржылық тұрғыдан қарастырғанда кәсіпорынның өзінің алған табысын пайдалануға нақты мүмкіндіктері жоқ.
- Кәсіпорын өзінің табыс сомасына үлкен сомаға ірі көлемдегі құндылықтар сатып алды. Бухгалтерлік есеп бойынша табыс бар, алайда кассада немесе есеп-шоттарда нақты ақша қаражаттары жоқ. Бұл жағдайда кәсіпорын ақша қаражаттарымен қамтамасыз етілмеген салықтық, пайыздық, дивидендік төлемдерді жүзеге асыруына тура келеді.

- 
- Жоғарыда аталған жағдайдың шегіне жеткен нұсқасы – бухгалтерлік есепте табыс көрсетілген кәсіпорын банкрот деп жарияланады. Мұндай жағдай кәсіпорын өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған табысты өтімсіз активке салумен сипатталады.
 - Кәсіпорынның мүлкі есепті кезеңде ұлғайғанмен, табыс жоқ. Құндылықты қайтарымсыз және өтелімсіз берген жағдайларда кәсіпорынның табысы емес, қосымша капиталы ұлғаяды. Мұндай жағдай мүлікті қайта бағалау немесе инвентаризация барысында артық құндылықтарды анықтау нәтижесінде де кездеседі.
 - Кәсіпорын нақты түрде шығын көруде, бірақ бухгалтерлік есепте номиналды есептік табысты көрсетеді. Мысалға, кәсіпорын қандай да бір өндірістік активке ірі көлемдегі қаражаттар салды, ал бұл актив бірнеше жылдан кейін ғана толық өтеледі. Нәтижесінде, активтік бүкіл өтелім кезеңі бойында кәсіпорын зиян көруде болады, ал бухгалтерлік есеп тұрғысынан осы кезеңдер ішінде ай сайын табыс көрсетіледі.



- Кәсіпорынның біртұтас тұлға ретіндегі құны мен оның активтерінің
- құнының жиынтығының арасында айырмашылықтар
Бұл көрсеткіштер айырмасы «гудвилл» немесе «**фирманың құны**» деген ұғыммен белгілі.
Әдетте бұл көрсеткіш оң нәтижені көрсетеді, яғни кәсіпорынды бөлшектеп жағдайда оны толық сатқандағы жағдаймен салыстырғанда көп қаражат өндіріп алуға болады.

ТАБЫСТЫҢ КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІНДЕГІ РӨЛІ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРЫ



- Нарықтық жағдайда табыстың ролі айтарлықтай өсті. Өзіміз білетіндей, жоспарлы-дерективті экономика жағдайларында оның ролі төмендетілген болатын. Табыс табу кез келген кәсіпорынның мақсаты, функциясы ретінде төмендетілді. Нарықтық экономикаға көшумен табыс кәсіпорынның қозғаушы күшіне айналды. Тек табыс қана өзара байланысқан үш мәселенің шешімін анықтайды: нені, қалай және кім үшін өндіру керек? Табыс табу кез-келген кәсіпорынның қызмет етуінің мақсаты болып қалыптасты, ал нарықтық экономика кәсіпорынның негізгі өндірістік және әлеуметтік дамуының көзі болып табылады. Бұл принцип өнімді өндірудегі шығындардың толық ақталуын және кәсіпорынның өндірістік-техникалық базасының кеңеюіне негізделеді. Бұл әр кәсіпорын өзінің ағымды және күрделі шығындарын өзінің меншікті қаражат көздерінен жабатындығын білдіреді. Уақытша қаржы тапшылығы кезінде оларға деген қажеттілік, егер бұл ағымды шығындар болса, олар банктердің қысқа мерзімді несиелермен және коммерциялық несиелермен, сонымен қатар, капитал салымдары банктердің ұзақ мерзімді несиелерімен жабылуы мүмкін.




Табыс функциясы

Кәсіпорынның
қызметі
нәтижесінде
экономикалық
нәтижені
сипаттайды


Кәсіпорынның
қаржылық
ресурстарының
негізгі элементі

Әртүрлі
деңгейдегі
бюджеттердің
табыстарының
қалыптасуының
қайнар көзі

- 
- Нарықтық экономикада кәсіпорын табысының ролі оның атқаратын функцияларымен анықталады. Экономикалық нарықтық қатынастардың маңызды категориясы ретінде табыстар бірқатар маңызды функцияларды атқарады.
 - Біріншеден, табыс кәсіпорын қызметінің тиімділігін білдіретін көрсеткіш болып табылады. Басқаша айтсақ, кәсіпорынның табыстылығы деген деректің өзі оның қызметінің тиімділігінің айғағы болып табылады. Алайда, бұл көрсеткіш кәсіпорын иелері мен кредиторлары үшін нақты бір қолайлы жағдайдың дәлелі бола ала ма? Әрине жоқ, себебі кәсіпорынға кез-келген бір табыс қажет емес, оның барлық мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруарлық мөлшері қажет. Табыс мөлшері көптеген факторлармен анықталады, олардың кейбіреулері кәсіпорынның қолынан келмейтін шаралар болып табылады.



- Екіншіден, табыс ынталандырушы функция қызмет атқарады. Кәсіпорындардың қорытынды қаржылық-экономикалық нәтижесі бола отырып, табыс нарықтық шаруашылық өмірде шешуші роль атқарады. Табыс «кәсіпорынның басты мақсаты» деген дәрежеге ие екенін білеміз. Бұл шаруашылық субъектілерінің экономикалық әрекеттерінің алғы шарты болып табылады, ал бұл әрекеттердің игіліктерге ұласуы табыстың мөлшеріне, сонымен қатар ұлттық экономикада қалыптасқан оны үлестіру тәртіптеріне байланысты.

- 
- **Табыс** - меншікті капитал өсімінің бірден-бір көзі. Нарықтық қатынастар жағдайларында акционерлер мен қаржы менеджерлері, кәсіпорын қарамағында қалатын табыс мөлшеріне икемделе отырып, кәсіпорынның даму перспективаларына сәйкес дивиденттік және инвестициялық саясаттар бойынша шешімдер қабылдайды.
 - Нарықтық экономикада **табыс**-өндірістік активтердің және өндірілетін өнімнің қозғушы күші болып табылады.
 - Тағы да айта кететін жағдай табыс кәсіпорын жұмысшыларының әлеуметтік игіліктерінің көзі болып табылады. Салықтарды, дивидендтерді және де басқа да бірінші кезектегі төлемдерді өтегеннен кейін кәсіпорын қарамағында қалатын табыс жұмысшыларға материалдық жәрдемақы төлуге, оларға әлеуметтік жеңілдіктер жасауға, әлеуметтік сала объектілерін қаржыландыруға жұмсалады.



- Үшіншіден, табыс мемлекеттік бюджет қаражаттарының қалыптасу көзі болып табылады. Табыс мемлекеттік бюджет қазынасы салықтар түрінде, сондай-ақ экономикалық санкциялар түрінде кездеседі. Бұл қаражаттар, өз кезегінде, бюджеттің шығыстық баптарымен қарастырылған және заңды түрде бекітілген мақсаттарына бағытталады.

- Сонымен, **кәсіпорынның табысы** - оның экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі факторы болып табылады. Бұл қорытынды кәсіпкерлік қызметтің түпкі мақсатынан келіп туындайды. Қазіргі заманғы батыстық экономика ғалымдары кәсіпорындардың мақсаттарын келесідей тәртіппен тұжырымдайды:





НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!

